



Барлық жадынамалар мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан,
сонымен қатар визалық орталықтардан тегін алуға болады.

Жүк автокөлік жүргізушілері үшін виза ашуға берілетін өтініш туралы ақпарат

Сіздерден «Виза ашу үшін берілетін өтініштің жалпы мағлұматтары туралы» жадынамалармен қосымша танысуыңызды сұраймыз.

Жүк автокөліктерімен тасымалдау мақсатында виза ашуға берілетін өтініш үшін мына төмендегі құжаттарды дайындау керек:

- 1 дана толық неміс тілінде толтырылған және қол қойылған шенген визаны рәсімдеуге арналған сауалнама. Мұнда шетелдіктердің келуі туралы заңның 53 параграфы, осы параграфтың 1 абзацы мен 54 параграфтың 2 абзацының, №7, 8 пунктерінің өзара байланысы туралы түсініктемелері қоса ескеріледі; электрондық толтыруға және қайта басып шығаруға арналған сауалнаманың толық түрін сіз мынадан www.videx.diplo.de таба аласыз.
- Соңғы 6 айдың ішінде түсірілген көлемі 3,5 x 4,5 сәйкес 2 биометриялық фотосурет (сауалнамаға жапсырылған)
- Жарамды, өтініш берушінің қолы қойылған шетелдік төлқұжат және оның жеке деректері орналасқан бірінші бетінің көшірмесі. Визаны рәсімдеу кезінде төлқұжат кемінде әрі қарай 3 айға жарамды, соңғы 10 жылда берілген және кем дегенде 2 бос беті болуы тиіс.
- Бар болған жағдайда соңғы үш жылда берілген шенген визалардың кіру және шығу мөрлері бар көшірмелері;
- **Қазақстан азаматтығы жоқ өтініш берушілерге: Қазақстанда тұруға ықтияр хаттың / тіркеудің түпнұсқасы мен көшірмесі;**
- Азаматтық хал актілерін растайтын құжаттар (мысалы, түү/неке/қайтыс болу туралы куәліктер) АХАЖ мөрімен түпнұсқада ұсынылуы тиіс (eGov көшірмелері жарамсыз!)
- Бүкіл Шенгендік Келісімге кіретін мемлекеттерге күші бірдей жүретін **медициналық сақтандырудың көшірмесі**. Сақтандырудың төменгі қамту бөлімі 30 000 евро және оның қолдану мерзімі көрсетілуі керек. Медициналық сақтандыру мына шығындарды өтеуі қажет: Сақтанушының ауырған немесе қайтыс болған жағдайда орын алатын тасымалдау шығындары; шұғыл медициналық көмекке кететін қаржы немесе шұғыл ауруына байланысты емханаға кететін шығындар. Бұның бәрі өтініш берушінің Шенгендік Келісімге кіретін елдердің территориясында жүрген кездерінде ғана іске асады. Медициналық сақтандыру сонымен бірге COVID-19 коронавирустық ауруын ең төменгі 30.000 евро мөлшерінде қамтуы керек.



- **Виза үшін консулдық алым** теңгемен төленеді (Алымдар туралы толық мәліметті Сіз мына жерден таба аласыз: www.kasachstan.diplo.de)
- **Сапар мақсатының дәлелдемелері:** Германиядағы әріптес экспедиторлық мекеменің **шақыру хатының түпнұсқасы мен көшірмесі**, бұл шақыру хатында мыналар көрсетілуі қажет:
 - Шақырушы мекеменің атауы, толық мекенжайы мен байланыс деректері;
 - Шақыру хатында қол қойған лауазымды тұлғаның тегі, аты, туған күні;
 - Шақырылып отырған тұлғаның тегі, аты, туған күні;
 - Шақырылып отырған тұлғаның мақсаты мен келу мерзімінің ұзақтығы;
 - Шетелдіктердің келуі туралы Заңның § 66-68 сәйкес келушінің барған жерінде жүргенде болуы мүмкін қаржы шығындарын қаржыландыруды өз міндетіме аламын деген шақырушының нақты тұжырымды өтініші;
 - Ресми Германия уәкілеттігінде нотариустың қолды куәландыратын жазбасы, немесе, оның орнына шақырушы тұлғаның төлқұжатының /жеке куәлігінің көшірмесін тіркесе жеткілікті;
 - Егер шақырушы тұлғаның Германия азаматтығы жоқ болса, онда: Германияда тұруға ықтияр хаттың көшірмесі;
- Неміс іскер серіктесінің **сауда тізілімінен үзіндісі** немесе компанияның тіркеу туралы куәлігі (3 айдан аспайтын уақыт бұрын берілген).
- Жұмыс берушінің халықаралық көлік арқылы тасымалдауға **руқсаттары** бар екенін растау **және**
- Жұмыс беруші мен Германиядағы іскерлік серіктеспен **іскерлік қарым-қатынас туралы растау және**
- Германия мен Қазақстан арасында жұмыс берушімен бұрынғы кезде жүзеге асырған жүк тасымалдауды растау (жүкқұжат) **немесе**
- Жұмыс берушінің **жүк көліктері бар екенін** растау
- Жұмыстың түрі мен ұзақтығы, айлық табысы, сондай-ақ толық байланыс деректері, жұмыс берушінің қолы мен мөрі көрсетілген **жұмыс орнынан анықтаманың түпнұсқасы**.
- Бұрын берілген Шенген визаларын пайдалану тізімі және жүк көлігінің жүргізушісі визаны қалай пайдаланатын туралы нұсқаулық (нысан www.kasachstan.diplo.de сайтында қолжетімді).

Дипломатиялық өкілдік өтінішті өңдеу үшін қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды сұрай алатынын ескеріңіз. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды тапсырғаннан кейін виза автоматты түрде берілмейтінін ескеріңіз. Көп жылдық Шенген визасы жанадан сапарға шығып жүрген үміткерлерге әдетте берілмейді (алғашқы екі жыл ішінде).



Жүк тасымалдау мақсаты үшін жүргізуші ретінде Германияға виза ашуға құжаттар тапсырған өтініш берушілерге арналған формуляр

Аты, тегі, туған күні:

- Менің соңғы визамның берілген (күні) _____ Германия өкілдігі (мекені) _____. Визаның қолдану мезгілі _____.
- Көрсетілген мерзім аралығында мен Германияда _____ рет болдым және _____ **Шенген аймағына және кері** рейс жасадым.

Осы сапарларымнан төмендегідей деректер беремін:

	Шенген зонасына кіру күні, жері	Сапардың күні, жері	Германиядағы фирманың атауы	Тасылатын жүк	Шенген зонасынан шығу күні, жері	Жүк түсірудің күні, жері	Шенген зонасында болған күндердің саны
Мысалы	01.04.2008, Кукурыки	03.04.2008, Кёльн	Хайнц Мюллер	Дөнгелек, темір-терсек, киім-кешек	08.04.2008 Терехова	15.04.2008	8
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							

Бұдан арғы құжаттарымның түпнұсқасын (қосымша көшірмесін де) салдым. Түпнұсқаларды қайта қайтаруыңызды сұраймын.

- Жүк жөнелту құжаттары (Frachtpapiere) т.б.



Түсініктеме/Belehrung

Еңбектегі қызметімді атқару үшін кәсіпқой жүргізуші ретінде берілген визаның төмендегі шектеулермен қолданылатыны маған түсіндірілді.

- Халықаралық жүк тасымалдау мақсатында берілген виза тек қана кәсіпқой жүргізушілерге арналған;
- Германия транзиттік басып өтетін ел ғана емес, ал баратын жердің басты нысаны болып табылады;
- Германияда маған 12 ай ішінде 90 күн немесе визаның мерзіміне орай жұмыс істеуіме рұқсат етіледі, бұның алдындағы Германияда болған уақыттарым да есепке алынады;
- Европаның экономикалық кеңістігіне кіретін елдердің ішінде жүк тасымалдау , қандай да жағдайда болмасын, рұқсат етілмейді;
- Шенгендік келісімге кіретін мүше-елдердің ағымдағы еңбек және транспорт заңдары туралы ақпаратты мен өз бетімше оқып білуім керек.

Берілген визаны басқа мақсатқа пайдалансам немесе қойылған шектеулерді бұзсам, онда неміс шекара бақылау органдары визаның күшін жойып жібереді және мені Германия территориясынан шығарып жібереді немесе Германияға қайта келуге рұқсат етілмейді;

Егер берілген визаның мерзімінің ішінде мен басқа мақсатқа Шенгендік келісімге кіретін елдерге барғым келсе, онда мен тиісті құжаттарды құзырлы шетелдік өкілдерге өткізуім керек.

Бүкіл деректерімді мен шынайы көрсеттім және олар дұрыс әрі толық деп Сіздерді сендіре аламын.

Алдын ала өтірік деректер мен көзбояушылық визаның ашылмау себебіне әкеп соғатыны маған белгілі.

Ich wurde belehrt, dass mein Visum zur Ausübung einer Erwerbstätigkeit als Berufskraftfahrer folgenden Beschränkungen unterliegt:

- Das Visum ist ausschließlich zum Zwecke des internationalen Güterfernverkehrs als Berufskraftfahrer gültig.
- Deutschland muss Hauptreiseziel, nicht nur Transitland sein.
- Ich darf die o.g. Tätigkeit in Deutschland bis zu 90 Tagen innerhalb von 12 Monaten bzw. nur in der im Visum genannten Gültigkeitsdauer ausüben; frühere Aufenthalte werden auch angerechnet.
- Ein Gütertransport innerhalb eines EWR-Staates ist unter keinen Umständen zulässig.
- Ich muss mich eingeständig über das geltende Arbeits- und Transportrecht der anderen von mir bereisenden Schengen-Staaten informieren.

Sollte dieses Visum zu einem anderen als dem o.g. Zweck benutzt werden oder ich die o.g. Beschränkungen missachten, kann das Visum von den deutschen Grenzbehörden annulliert und ich aus Deutschland ausgewiesen/abgeschoben/zurückgewiesen werden.

Sollte ich innerhalb der Gültigkeitsdauer dieses Visums zu einem anderen, als dem beantragten Reisezweck in den Schengenraum einreisen wollen, so habe ich bei der zuständigen Auslandsvertretung einen entsprechenden Visumsantrag zu stellen.

Ich versichere, dass ich alle Angaben korrekt und nach bestem Wissen gemacht habe. Ich bin darüber informiert, dass falsche Angaben im Antrag in der Regel zur Ablehnung des Visumsantrages führen.

Жері, күні

Астана қ. ГФР Елшілігі
Z05E9E1 Астана, Космонавтов к., 62
E-mail: visa@asta.diplo.de

Өтініш берушінің қолы

Алматы қ. ГФР Бас консулдығы
050059 Алматы, Иванилов к., 2
[Байланыс формасы](#)